

А.Е. Алпысбаева* , **С.А. Ашимханова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**М. ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ
АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(түрік, орыс, ағылшын тілдері)**

Мақалада қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің түрік, орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, ақын қолданған қазақ отбасы институтының моделіне тән, тілдік болмысында қалыптасқан төрт-түліктің төл атауларымен байланысты, метафоралық образда балаға еркелетіп айтылатын (қозым, құлыным, құлыншағым, ботам, марқам) тәрізді тіл бірліктерінің туыстас түрік, туыстас емес, бірақ жергілікті деңгейде халық тұрмысында біте қайнасып қолданылып келе жатқан орыс және әлемдік ағылшын тілдеріне аударылуының лингвомәдени аспектісі негізінде талдау жасалынған. Талдаудың негізін осындай мәдени сипаттағы бірліктерді аударуда аса белгілі шетелдік ғалымдар Э. Дэйвистің (2003) аударма амалдары мен Л. Венутидің (1995) аударма стратегияларының (форенизация және доместикация) арақатынасы құрайды. Яғни, ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер аудармада қаншалықты бейімделіп, аударма мәтінін қабылдаушы мәдениетке жақындатылды немесе сақталды деген сұрақтарға жауап берілді. Аталмыш екі стратегияның бірінің қолданылуының себептері мүмкіндігінше түсіндірілді. Мақалада белгілі түрік мағжантанушы әрі ақын өлеңдерінің аудармашысы Фархат Тамердің аудармалары, орыс тілінде Әуезхан Қодардың аудармалары қолданылды. Түрік аудармашысының аудармаға байланысты жеке өзінен сұхбат барысында алынған ескертпелер келтіріледі. Сонымен қатар, орыс тілі мен ағылшын тілдерінде аудармалары жоқ өлеңдердің тәржімасын авторлар өздері жасап, ұсынады. Аталмыш аудармалар жоғары поэтикалық аударма деңгейінде болмағанымен, болашақта тәржімалауға талпынатын аудармашыларға анықтамалық ретінде, алғашқы қадам ретінде әбден қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: көркем аударма, поэтикалық аударма, түпнұсқа, аударма мәтіні, мәдениет, төл атаулары, қаратпа сөздер.

A.E. Alpysbayeva*, S.A. Ashymkhanova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**Translation features of the appeal words
of a national character in the poems of Magzhan Zhumabayev
(Turkish, Russian and English languages)**

The article discusses the features of the translation of words of appeal of a national character in the poetry of the Kazakh akyn Magzhan Zhumabaev into Turkish, Russian and English. More precisely, an analysis has been done on the basis of the linguocultural aspect of the translation of linguistic units used by the author, and the Kazakh family's institute models are inherent in its linguistic picture when children are treated with love and affection in a metaphorical way by the names of young cattle (my lamb, kid, calf, foal, camel). Conclusions are drawn on their reflection in the language picture of another language, related to Turkish, unrelated, but rooted in the Kazakh life and society, regional Russian language and world English. The analysis is based on the works of famous foreign scientists whose work is highly cited in this direction. These are E. Davies (2003), translation methods of culture-specific items, and L. Venuti (1995), strategies for translating culture-specific items as domestication and forenization. That is, according to the translation methods, the ratio of the strategy is determined, how much the words of addressing the national flavor to the host culture of the translated text were adapted or the original essence was preserved. The article uses Turkish translations of the famous Turkish scholar of the poet and the translator of his work, Farhat Tamer and Auezhan Kodar in Russian. An analysis of the translation into Turkish is accompanied by the comments of the translator based on the material of a personal live interview. Also,

translations of a poem that are not in Russian or English were translated and proposed by the authors themselves. Although they cannot be considered a high poetic translation, they can very well serve as a reference, additional material or an assistant for translators who will take up this work in the future.

Key words: literary translation, poetic translation, source text, target text, culture, words of appeal, names of young cattle.

А.Е. Алпысбаева*, С.А. Ашимханова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**Особенности перевода слов обращения
национального колорита в поэзии М. Жумабаева
(турецкий, русский и английский языки)**

В статье рассматриваются особенности перевода слов обращения национального характера в поэзии казахского акына Магжана Жумабаева на турецкий, русский и английский языки. Точнее говоря, проделан анализ на основе лингвокультурного аспекта перевода используемых автором языковых единиц, присущих модели института казахской семьи и сформировавшихся в ее языковой картине, когда к детям с любовью и лаской обращаются в метафорическом образе, называя их детенышами домашнего скота (ягненок мой, козленок, теленок, жеребенок, верблюжонок). Сделаны выводы по их отражению в языковой картине другого языка – родственного турецкого и неродственного, но укоренившегося в казахском быту и обществе, регионального русского языка и мирового английского языка. Анализ опирается на труды известных иностранных ученых, чьи работы высокоцитируемые в данном направлении. Это «Переводческие методы перевода культурно обусловленных единиц» Э. Дэйвиса (2003) и «Стратегии перевода культурно обусловленных единиц как доместикация и фореинизация» Л. Венути (1995). То есть, по методам перевода определяется соотношение стратегии, насколько были адаптированы слова обращения национального колорита к принимающей культуре переводного текста или же сохранена исходная сущность. В статье используются переводы на турецком языке известного турецкого Магжанаведа и переводчика его творчества Фархата Тамера, а также Ауезхана Кодара на русском языке. Анализ перевода на турецкий язык сопровождается комментариями самого переводчика по материалам личного живого собеседования. Также в статье даются переводы стихотворений, которые отсутствуют в русском или английском языке, переведенные и предложенные самими авторами. Хотя они не могут считаться высоким поэтическим переводом, однако вполне могут служить справочным, дополнительным материалом или помощником для переводчиков, которые в будущем возьмутся за это дело.

Ключевые слова: художественный перевод, поэтический перевод, исходный текст, переводной текст, культура, слова обращения, названия молодняка скотины.

Кіріспе

Кез келген халықтың санасында қалыптасқан отбасындағы қарым-қатынас моделі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тәрбие, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр, тұрмыс-тіршілік, мәдениет, дүниеге, әлемге деген көзқарастың бейнесімен тығыз байланысты. Әрі отбасылық институт қай қоғамның болса да маңызды элементі саналып, табиғи болмысынан әрбір адам өмірінде отбасын құрып, ұрпақ тәрбиелеу мақсатына ұмтылатындықтан, халықтың тілдік бейнесінде де отбасылық мәнмәтін барлық қырынан көрініс табады. Мәселен, отбасы жайлы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, символдар, реалийлер, мәдени шартталған ұғымдар және тағы да басқалары. Қазақ халқы «Отан – отбасынан басталады» деп отбасының мемлекет деңгейіндегі маңызын анықтаса, «Бала ұяда

не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп отбасының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін ашып көрсетеді. «Ата көрген – оқ жанар, Ана көрген тон пішер» деп отбасының негізін қалаушы – ана мен әкенің рөлін анықтаса, «Қарға баласын аппағым дейді, Кірпі баласын жұмсағым дейді» деп ананың балаға деген махаббатын табиғатпен шендестіре отырып, өте дәл суреттейді.

Бұл мысалдар – тілдік құралдардың ұрпақтың тұлғалық ерекшелігінің қалыптасуында алатын орнын ертеден ескерген, тәрбие құралына айналдырған қазақ халқындағы мыңдаған өнегелі сөздердің бір бөлшегі ғана. Белгілі халықтың отбасылық мәдениет моделін көрсететін аталмыш тілдік белгілер бұқаралық ақпарат құралдары, көгілдір экран, интернет желісі, күнделікті тіршілік болмысынан көрініс табады. Бірақ оның ең көркем көрінісі әрине әдебиетте. Әдебиет осы құндылықты өн бойында сақтап

қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, өсиет қылып, мәдени бірегейлікті танытуға өз үлесін тигізсе, аударма арқылы басқа мәдениет өкілдері бір-бірінің отбасылық ұстанымдар, құндылықтарымен танысып жатады. Бірақ белгілі бір мәдениеттің отбасылық болмысына тән құбылысты басқа бір мәдениетке қалай жеткізілуі мүмкін?

Мәселен, адам жаратылысынан ең күшті, алып сезімдердің бірі – адамның ұрпағына деген махаббаты әр халықта әр түрлі көрініс табады. Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, адам баласына деген сүйіспеншілігін иіскеп, құшағына алып, сүйіп қана қоймай, жылы сөздер арқылы еркелетіп жеткізіп жатады. Бірақ ондай сөздік қордың қалыптасуы тағы да әр халықтың танымдық дүниесіне қарай ерекшеленеді. Мысалы, қазақ халқы ерте замандардан көшпенді өмір салтын кешіп, табиғатпен астасып, төрт-түлік малды күнкөріс көзі ретінде көріп, жүрсе – көлік, сүтін ішсе – сусын, етін жесе – ас, жүнін иірсе – киім қылған. Төрт-түлік малдың қыр-сырын түгел біліп қана қоймай, олардың халық дүниетанымындағы орнын «Ат – ердің қанаты. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар», «Жылқының сүті – шекер, еті бал», «Жылқы – малдың патшасы», «Семіздікті қой ғана көтереді», «Түйе ботасымен жарасты, Тамақ батасымен жарасты», «Бір қозы туса, бір түп жусан артық өсер», «Тай мінген балаға жарасар», «Түйе – шудасын, Жылқы – жалын, Сиыр – мүйізін төсейді...» деп мақалдап жеткізсе, балаларын төрт-түліктің төлінің атауларымен «қозым, құлыным, құлыншағым, ботам, марқам менің» деп еркелетеді.

Қазақ халқының отбасылық болмысына қатысты тілдік бейнесіндегі осы ерекшелікті ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінен айқын байқауға болады. Атап айтқанда, «Ұлан», «Бесік жыры», «Ата, бата» атты өлеңдерінде ұлттық нақыштағы *құлыным, марқам, қозым, ботам* секілді балаға еркелетіп айтылатын қаратпа сөздер қолданыс тапқан.

Ал, осы мәдени шартталған қаратпа сөздер туыстас түрік, басқа тілдік топтарға жататын орыс, ағылшын тілдеріне қалай тәржімаланды. Мақалада осы сұраққа жауап беріледі.

Эксперимент

Мақалада белгілі түрік Мағжантанушысы, ақынның 160-қа жуық өлеңдерін түрік тіліне прозалық аударма арқылы тәржімалап, 1993 жылы Анкарада 338 беттен тұратын, «Мағсан

Cumabayulı'nın şiirleri» (Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері. Латын әріптері мен Түркия түрікшесіне аударылған) атты кітап ретінде жарық көрген еңбегі (Тамер, 1993), Әуезхан Қодардың орыс тіліндегі аудармалары қолданылды. Өкінішке орай, Мағжан ақынның Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаяғлу ағылшын тіліне аударған өлеңдерінің ішінде аталмыш «Ұлан», «Бесік жыры», «Ата, бала» өлеңдері жоқ. Бірақ ол болашақтың еншісінде. Себебі профессор берген сұхбатында келешекте тағы да бірталай аудармалар жоспарлағанын айтты. Дегенмен, мақалада авторлармен жасалған ағылшын тіліндегі жақындатылған аударма ұсынылады.

Талдаудың теориялық негізін мәдени ерекшеленген ұғымдарды аударуда ең көп қолданылатын, аса танымал шетелдік ғалымдар Л. Венутидің Лондондағы Рутледж баспасынан жарық көрген «The translator's invisibility: A history of translation» (1995)(Аудармашының көрінбеуі: аударма тарихы) еңбегі мен Э. Дейвистің «The Translator» (Аудармашы) журналында жарық көрген «A Goblin or a Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of Harry Potter book» (2003) («Сумұрын Гоблин». Гарри Поттер кітабының аудармаларындағы мәдени ерекшеленген ұғымдардың өңделуі) мақаласы құрайды.

Э. Дэйвис мәдени ерекшеленген немесе шартталған сөздерді, тіл бірліктерін аударуға қатысты жазылған еңбектерді саралай келе, preservation (сақтау), addition (қосу): addition outside the text (мәтіннен тыс қосу; ескертпе), addition inside the text (мәтін ішінде қосу), localization (жергіліктендіру), globalization (жаһандандыру), transformation (трансформация), omission (омиссия түсіріп тастау) және creation (ойдан құру) секілді аударма амалдарын ұсынады (Дэйвис, 2003: 173). Мысалы, егер аудармашы ұлттық нақыштағы, немесе құрамында мәдени шартталған бірлігі бар метафораны дәл сол қалпында емес, мақсатты мәдениетте бар, дәл сондай функция атқаратын басқа бір элементпен алмастырса, ол локализация болып табылады және доместикация ұстанымына жатады. Ал, аудармашы мақсатты мәдениетте мүлдем жоқ бір элементті түсіріп тастауға шешім қабылдаса, ол омиссия болып табылып, тағы да доместикация ұстанымына әкеледі. Аудармашы түпнұсқадағы мәдени нақыштағы сөзді сақтап қалып, оған жақша ішінде немесе мәтін соңында түсінік беріп, мақсатты оқырманға сол қалпында жеткізгісі келсе, ол

сақтап қалу және қосу әдісіне жатады және форенизация ұстанымына бағынады (Венути, 1995: 54). Белгілі бір мәдениетте бар ұғымды әлемдегі барлық халықтарға түсінікті жаһандық

ұғыммен алмастырса, ол глобализация амалы болып саналып, доместикацияға алып келеді. Бұл жүйе төмендегі кестеден аса түсінікті болады (Brasienè, 2013: 14):

1-кесте

Venuti's Concept of (Венутидің концептілері)	Davies' Strategy for the Translation of CSIs (Мәдени ерекшеленген бірліктерді аударуға арналған Дэйвистің стратегиялары)
Foreignisation (Форенизация)	Preservation (Сақтау) Addition (Қосу)
Domestication (Доместикация)	Creation (Ойдан қосу) Transformation (Трансформация) Localisation (Жергіліктендіру) Globalisation (Жаһандандыру) Omission (Түсіріп тастау)

Нәтижелері және талқылау

Мағжан ақынды зерттеп қана қоймай, түрік тіліне тәржімалаған Фархат Тамер бізге берген сұхбатында «Мағжан – ұлы ақын. Мағжанды дәл сол қалпында аудару үшін менің де ақын болуым керек. Бірақ ондай қабілетке ие

болмағандықтан, прозалық аударма жасадым» дейді. Аударманың қай түрі болмаса да, рухани, практикалық мақсатта болмасын, ол өте құнды. Ұлттық нақыштағы балаға қатысты айтылатын қаратпа сөздері жиі қолданылған «Ұлан» өлеңінің үзінділері мен аудармалары төмендегідей:

2-кесте

Түпнұсқа	Ф. Тамердің түрік тіліндегі аудармасы	Дэйвис (2003) бойынша аударма амалдары	Венутти (1995) бойынша аударма принципі
1. Неге ойлайсың, құлыншағым? Не мұның бар, айт, қарағым! Жассың, ойға әуес болма, Ой жеткізбес, ол – бір сағым! (Жұмабаев, 1995, 62)	Kuluncuğum! ¹ Niye düşünüyorsun? Canım, söyle, ne üzüntün var? Gençsin, düşünseye heves etme. (Тамер, 1993: 333)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
2. Беттеріңнен қан тамып тұр, Тал қызығады бойыңа тал. Неге ойлысың, ерке марқам, Бір қаракөз болмай ма жар? (Жұмабаев, 1995, 62)	Onların yanaklarından kan damlamakta.. Senin dal gibi boyunu söğüt ağacı bile arzuluyor.. Nazlı kuzum! Niye düşüncelisin? Bir kara gözlü sana yâr olmuyor mu? (Тамер, 1993: 333).	Сақтау (Preservation)	Форенизация
3. - Сені тапқан мен анаң ғой, Қарашығым, сен балам ғой! Алыс жолға кетсең, қозым, Күтіп, күйіп, мен жанам ғой. (Жұмабаев, 1995, 62)	Gözümün nuru! Ben, seni doğuran ananim, esn benim çoçuğumsun. Kuzum! Sen uzak yola gidersen, ben, bekleye bekleye yanarım. (Тамер, 1993: 333)	Сақтау (Preservation)	Форенизация

Alty aylık olana kadar at yavrusuna verilen ad (алты айлық болғанша жылқы малының төліне берілетін ат). (Тамер, 1993: 333)

Демек, түрік тілінде аудармашы түпнұсқадағы мәдени болмысты сақтап, форенизация болмысын ұстанады. Кейбір жағдайда, туыстас ел, тіл болғандықтан тіпті форенизация деп айтуға да келмейтіндей. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, қазақ халқы төрт-түлік малдың қыр-сырын түгел біліп, бағып-қағу, физиологиялық ерекшеліктеріне аса мән берген. Жас ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке атау қойған. Мысалы, қой атаулары:

«Арамза – қыста туған қозы.

Көбдік – тоқты болған арамза.

Көрпеш немесе көрпей – мезгілінен кешірек туған қозы.

Марқа – жарты жастағы қозы.

Тоқты – бір жасқа толғаны.

Ісек – екі жасқа толған еркегі.

Саулық – екі жасқа толған ұрғашысы.

Саулық – қоздаған қой.

Ту қой – қоздамаған қой.

Қошқар – тұқымдыққа жіберілген еркек қой» (Нысанбаев, 1998: 167). Демек, *марқа* дегені жарты жастағы қозы болса, *қозы* – қойдың 6 айға толмаған жас төлі. Бірақ түрік тіліне аудармашы *қозым мен марқам* деген қаратпа сөздерді бірдей *қозым* деп тәржімалайды. Яғни, генерализация (жалпылау) әдісі қолданылған. Аудармашымен тілдескенде Түркия мемлекетінде адамдардың баласын қозым – **kuzum** деп айтатыны бар, бірақ ботам, құлыным деп атамайтынын ескертті. Себебі түрік халқы жылқының төлін тек тай деп атайды. Сол себептен де аудармашы құлын сөзінің қолданысы бар жерлерде мәтін соңында қосымша түсінік береді (Кестедегі 1. Ескертпені қараңыз).

Орыс тіліндегі аударма авторы Әуезхан Қодар:

3-кесте

	Түпнұсқа	Ә. Қодардың орыс тіліндегі аудармасы	Дэйвис (2003) бойынша аударма амалдары	Венутти (1995) бойынша аударма принципі
1.	Неге ойлайсың, құлыншағым? Не мұның бар, айт, қарағым! Жассың, ойға әуес болма, Ой жеткізбес, ол – бір сағым! (Жұмабаев, 1995, 62)	Мой мальчик славный, что ты киснешь, Тебе грустить ли, мой ребенок? Ты мал, не будь привязан к мысли, Она мираж – что не догонишь. (Кодар, 2006: 66)	Трансформация	Доместикация
2.	Беттеріңнен қан тамып тұр, Тал кызығады бойыңа тал. Неге ойлысың, ерке марқам, Бір қаракөз болмай ма жар? (Жұмабаев, 1995, 62)	Во всю щеку горит румянец, Собой твой стан чинару манит. Найди себе ты черноглазку, Она тебе женою станет. ((Кодар, 2006: 66)	Омиссия (түсіріп тастау)	Доместикация
3.	- Сені тапқан мен анаң ғой, Қарашығым, сен балам ғой! Алыс жолға кетсең, қозым, Күтіп, күйіп, мен жанам ғой. (Жұмабаев, 1995, 62)	Я мать твоя, рожден ты мною, Мой сын, ты счастья достоин. Зачем собрался в путь далекий, Печалюсь, стану я больною. (Кодар, 2006: 66)	Омиссия (түсіріп тастау)	Доместикация

Кестеден көріп отырғанымыздай, ұлттық нақыштағы балаға еркелетіп айтылатын қаратпа сөздер аудармада көрініс таппаған. Яғни, бірінші мысалда аудармашы орыс тілінде де төл атауларымен байланысты балаға еркелетіп айтылатын қаратпа «жерребенок мой, ягненок мой, теленок» деген сөздердің барына қарамастан

құлыншағымды – Мой мальчик славный деп трансформациялайды. Ал, екінші, үшінші мысалдарда бұл қаратпа сөздер мүлдем түсіп қалған.

Ал, «Бесік жыры» өлеңіндегі ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің түрік тіліндегі аудару ерекшелігін төмендегі кестеден көруге болады:

4-кесте

	Түпнұсқа	Ә. Қодардың орыс тіліндегі аудармасы	Дейвис (2003) бойынша аударма стратегиясы	Венути (1995) бойынша аударма принципі
1.	Күнім, айым, Еркетайым, Бөлейін енді. (Жұмабаев, 1995, 92)	Güneşim, ayım, nazlı tayım! Şimdi beleyeyim. (Тамер, 1993: 226)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
2.	Жұмсақ бесік, Жылы төсек, Жата ғой, қозым. (Жұмабаев, 1995, 92)	Rahat beşik, ılık döşek.. Kuzum yat.. (Тамер, 1993: 227)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
3.	Қуанып, қалқам, Ерке марқам, Қысып сүйермін.	Yavrum! Nazlı kuzum! Sevinip, kucaklayıp seni severim. (Тамер, 1993: 227)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
4.	Ұйқың тәтті, Ұйқың қатты, Қозым, құлыным. (Жұмабаев, 1995, 92)	Kuzum, kulunum! Senin uykun tatlı; senin uykun derin. (Тамер, 1993: 231)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
Kulun *Alty aylık olana kadar at yavrusuna verilen ad(алты айлық болғанша жылқы малының төліне берілетін ат).. (Тамер, 1993: 227)				

Кестеден тағы да түрік тілінде ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің өз реңін толықтай дерлік сақталғанын байқалады. Өкінішке орай «Бесік жырының» орыс тіліндегі аудармасы табылмады. Сол себепті орыс тіліндегі мәдени болмысты

сақтай отырып жасалған аударма мен ағылшын тіліне бейімделіп жасалған аударманы ұсынамыз. Себебі ағылшын тілінде балаларына қатысты төрт-түлік мал төлдерінің атауымен айтылатын қаратпа сөздер жоқ әрі қолданылмайды:

5-кесте

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы (авторлармен жасалған)	Ағылшын тіліндегі аудармасы (авторлармен жасалған)
1.	Күнім, айым, Еркетайым, Бөлейін енді. (Жұмабаев, 1995, 92)	Солнышко мое и луна, Запеленаю, уложу, Баловень мой, я тебя!	My sun and the moon, Sleep my naughty, I love you!
2.	Жұмсақ бесік, Жылы төсек, Жата ғой, қозым. (Жұмабаев, 1995, 92)	Мягкая колыбель, Теплая постель, Засыпай, мой козлик.	Soft cradle, Warm bed, Go to sleep, my sweetly baby.
3.	Қуанып, қалқам, Ерке марқам, Қысып сүйермін. (Жұмабаев, 1995, 92)	Радуюсь, дорогой, Любимый ягненок мой, Поцелую тебя прижав.	My dear, My beloved little one, I'll kiss you by pressing me.
4.	Ұйқың тәтті, Ұйқың қатты, Қозым, құлыным. (Жұмабаев, 1995, 92)	Сон твой сладок, Сон твой крепок, Ягненок мой, жеребенок!	Your dream is sweet Your sleep is strong My little starlet!

Демек, ағылшын тіліндегі аудармада балаға қатысты еркелетіп айтылатын, ағылшын халқы мәдениетіне тән қаратпа сөздер қолданылды: *my naughty – менің еркем, my sweetly baby – менің сүйкімді балам, my beloved little one – менің сүйікті кішкентайым, my little starlet – менің*

кішкентай жұлдызішам. Толық жергіліктендіру (localization) арқылы бүтіндей доместикациялау принципіне сүйендік. «Ата, бата» өлеңінде де орыс тіліндегі аудармасында ұлттық нақышты сақтау мүмкіндігі болса, ағылшын тіліндегі аудармасында толық бейімдеу сипаты:

6-кесте

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма (авторлардан)	Ағылшын тіліндегі аудармасы (авторлардан)
<p>Мектептен (қайтты) Марияш, Эліппесі қолында. Шақырады оны атасы: «Кел, құлыным, кел мұнда». Марияш: «Ата, ата!» – дегенде, Атасы: «Құлыным ата дейді ғой!» Марияш: «Бата, бата!» – дегенде, Атасы: «Құлыным бата дейді ғой!» Бата десең, қарт атаң Айналың сендей ботасын! Оқы, құлыным, әлім бол, Атаң берді батасын!». (Жұмабаев, 1995, 212)</p>	<p>Возвращается со школы Марияш, В руках ее букварь. Зовет дедушка ее: «Иди, жеребенок мой, иди сюда». Марияш: «Деда, деда!», Дедушка: «Мой жеребенок говорит Деда!» Марияш: «Ата¹, бата, бата²!» Деда отзывается любя, Пожелания если просишь у меня! То пусть тогда твой старый Дед, Восхищается тобой, верблюженок мой! Учись, жеребенок мой, ученым будь, Пусть благословение мое освещает твой путь!.</p>	<p>Mariyash returned from school, Holding a primer in her hands. Grandfather calls her: «Come, my dear, come here.» Mariyash: «Grandfather, grandfather!» Grandfather: «My sweet says Grandfather!» Mariyash asks for blessings Grandfather speaks lovingly Blessings if you ask me! Then let your old Grandfather, Admires you, you are my dear Learn, my dear, be a scientist, May my blessing!</p>
<p>¹Ата – русская дедушка; ²Бата – ценное духовное пожелание (словесное благословение).</p>		

Бұл өлең жолдарында да төл атауларымен берілген қаратпа сөздер көбінесе ағылшын тіліндегі тілдік нормаға сай *my dear – қарағым және my sweet – тәттім менің* қаратпа сөздеріне алмастырылды. Орыс тілінде *бата* реалий сөзі мәтіннен тыс ескертпе беру арқылы сақтап қалынса, ағылшын тілінде поэтикалық ырғақ пен пішінді сақтап қалу үшін *blessings – пожелания – тілек айту* сөзімен алмастырылды.

Қорытынды

Жоғарыдағы талдаудан аудармада ең аз өзгеріске ұшырап, екі тілдің де тілдік бейнесінде ортақ, ұқсас сипаттар бар деп туыстас түрік тілін атауға болады. Бірақ онда да

аудармашы мәтіннен тыс ескертпе көмегіне жүгініп, Түркиядағы түрік халқының құлыным, ботам, марқам деген қаратпа сөздерді негізінде қолданылмайтынын айтады. Сол себепті қозым мен марқам қаратпа сөздерін жалпылап қозым деп аударарды. Құлынға қатысты ескертпе келтіреді. Орыс тіліндегі аудармасында аудармашы көбінесе доместикация принципін сүйеніп, түсіріп тастау амалын ұстанады. Ал, ағылшын тілінің тілдік бейнесінде балаға қатысты төл атауларына қатысты қаратпа сөздердің мүлдем қолданылмайтынын, қолданған жағдайда құлаққа әбден ерсі, жайсыз естілетінін (әсіресе поэтикалық аудармада) ескере отырып, толық доместикация принципін жүгіндік.

Әдебиеттер

- Тамер Ф. Мағсан Сумабайұлы'nın şiirleri (Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері. Латын әріптері мен Түркия түрікшесіне аударылған). – Анкара, 1993. – 338 б.
- Davies Eirlys E. A Goblin or a Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of Harry Potter book // The Translator. – 2003. – N 9 (1). – P. 65-100. <https://doi.org/10.1080/13556509.2003.10799146>
- Venuti Lawrence. The translator's invisibility: A history of translation. – London: Routledge, 1995.
- Brasienė Brigita. Literary Translation of Culture-Specific Items in Lithuanian Translation of Orwell's Down and Out in Paris and London // MA Thesis. Vytautas Magnus University, 2013. – Web. 20. – July 2014.
- <http://vddb.laba.lt/fedora/get/LT-eLABa-0001:E.02~2013~D_20130605_13160147559/DS.005.1.01.ETD>.
- Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1995. – 448 б.
- Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
- Кодар А. Мағжан Жумабаев. Голос Востока. – Алматы, 2006. – 84 с.

References

- Brasienė Brigita. (2013). Literary Translation of Culture-Specific Items in Lithuanian Translation of Orwell's Down and Out in Paris and London. MA Thesis. Vytautas Magnus University, 2013. Web. 20. July 2014.
<http://vddb.laba.lt/fedora/get/LT-eLABa-0001:E.02~2013~D_20130605_13160147559/DS.005.1.01.ETD>.
- Davies Eirlys E.. A Goblin or a Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of Harry Potter book. *The Translator*, 2003, 9 (1), 65-100. <https://doi.org/10.1080/13556509.2003.10799146>
- Kazakhstan: Ulttiq ensiqlopediyası. [Kazakhstan: National encyclopedia]. (1998). Ed. Nysanbayev. Almaty: Kazakh ensiqlopediyası. (In Kazakh)
- Kodar A. (2006). Magzhan Jumabayev. Golos Vostoka. [Maghjan Jumabayev. Voice of the East]. Almaty, 84 p. (In Russian)
- Tamir F. (1993). Mağcan Cumabayulı'nın şiirleri. Türkiye Türkçesine aktaran. [Poems of M. Zhumabayev. Translation into Turkish]. Ankara, 338 p. (in Turkish)
- Venuti, Lawrence. (1995). The translator's invisibility: A history of translation. London: Routledge.
- Zhumabayev M. (1995). Shygarımalary. [Collected works] Almaty: Zhazushi, 448p. (In Kazakh)